

## ШАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР

«Болашақ энергиясының уақыт капсуласы» байқауына (бұдан әрі «Байқау» деп аталады) қатысу туралы барлық ақпарат осы шарттар мен ережелердің бөлігін құрайды. Байқаудың ұйымдастырушысы – «Шелл Қазақстан Б. В.» (бұдан әрі «Шелл» деп аталады).

Осы Байқауға өтініш жібергеніңіз төмендегі шарттар және ережелермен келіскеніңізді білдіреді:

- 1** Байқауға Қазақстанның барлық өңірлерінің барлық жастағы адамдары 15 тамыз бен 31 тамыз (қоса алғанда) аралығында қатыса алады. «Шелл Қазақстан Б. В.» компаниясы немесе «Шелл» компаниялар тобына жататын кез келген басқа компания (бұдан әрі «Шелл тобы» деп аталады) жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері де қатыса алады. Осы Байқауға қатысуға рұқсат берілген адамдардың барлығы бірге «Рұқсат етілген қатысушылар» деп аталады.
- 2** Егер Рұқсат етілген қатысушы 18 жасқа толмаған болса, ол жеңген жағдайда ата-анасы немесе заңды қамқоршысының қол қойылған жазбаша келісімін тапсыруы қажет болады.
- 3** Өтініштерді Рұқсат етілген қатысушылар төмендегі талаптарға сәйкес жіберуі тиіс:
  - a)** Материал, яғни эссе, хат, өлең, сурет немесе басқа көрнекті құрал [Indira.Karazhanova@shell.com](mailto:Indira.Karazhanova@shell.com) электрондық поштасына 31 тамыз сағат 17:00 дейін жіберілуі тиіс.
  - b)** Жазбаша шығармалар 500 сөзден аспауы тиіс.
  - c)** Бір Рұқсат етілген қатысушы бірнеше шығарма жібере алады, бірақ әрқайсысы әртүрлі болуы қажет, яғни бір Рұқсат етілген қатысушыдан бір эссе, бір өлең, бір хат, бір сурет немесе бір көрнекті құрал болуы керек.
  - d)** Шығармалар/суреттер кез келген үшінші тараптың зияткерлік меншік құқығын, авторлық құқығын немесе басқа құқықтарын бұзбауы тиіс және жала, бедел түсіретін, әдепсіз, ерсі, қудалайтын немесе қауіп төндіретін ақпарат болмауы тиіс.
  - e)** Барлық шығармалармен бірге қатысушының аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, ал Рұқсат етілген қатысушының жасы 18-ге толмаған болса, ата-анасының немесе заңды қамқоршысының мекенжайы немесе телефон нөмірі берілуі тиіс.
- 4** «Шелл» компаниясы Рұқсат етілген қатысушылар шығармаларының арасынан 31 тамызда жеңімпазды анықтайтын болады. Жеңімпаздарды анықтау үшін төмендегі өлшемдер қолданылуы тиіс:

- a) Шығармашылық деңгейі
  - b) Идея немесе ойдың бірегейлігі
  - c) Ойдың анықтығы (жазбаша жұмыстарға қатысты)
- 5 «Шелл» компаниясы шартта көрсетілген критерийлерге сай келмейтін кез келген Рұқсат етілген қатысушыны байқауға қатыстырмауға құқылы. Мұндай шешім ақырғы және қорытынды болып табылады және «Шелл» оның себептерін (соның ішінде кез келген адамды Байқауға қатысудан алып тастау себептерін) түсіндіруге міндетті емес.
  - 6 «Шелл» шығармалардың кез келгенін және барлығын «Шелл» компаниясы иелігіндегі және «Шелл» брендінің әлеуметтік медиа арналарында және/немесе веб сайттарында қолдануға құқылы.
  - 7 Рұқсат етілген қатысушы «Шелл» компаниясына немесе оның тағайындаған тұлғасына осы құқықтардың қолданылу мерзімінде барлық қазіргі және болашақтағы зияткерлік меншік құқықтарын және осы шығармаға қатысты және/немесе сол бойынша басқа құқықтарды береді және растайды. Рұқсат етілген қатысушы заңға сәйкес шығармасына қатысты барлық моральдық құқықтарынан немесе қатысушы әлемнің кез келген жерінде ие болуы мүмкін басқа балама құқықтарынан бас тартады.
  - 8 Рұқсат етілген қатысушылар өздерінің шығармаларында үшінші тараптардың кез келген материалын қолдану/енгізу үшін барлық қажетті рұқсаттарды алуға міндетті.
  - 9 Жеңімпаздарға алдымен электрондық пошта немесе телефон арқылы хабар беріліп, олардың жүлделері поштамен жіберіледі. Төмендегі жүлделер берілетін болады: «Шелл» компаниясы анықтаған үш үздік шығарма иелеріне бір-бірден планшет. Барлық Жұлделерді толықтай немесе жартылай ақшалай, қолма-қол емес ақшалай, басқа тауарлар мен қызметтер ретінде немесе басқа түрде алуға болмайды.
  - 10 «Шелл» өз шешімі мен таңдауы бойынша кез келген уақытта, ешкіммен кеңеспей Жұлделерді басқа затқа ауыстыруға/алмастыруға құқылы. «Шелл» Жұлделердің сапасына, өтімділігіне, мақсатқа жарамдылығына (тікелей немесе жанама түрде) ешқандай растау немесе кепілдік бермейді.
  - 11 Жеңген шығармалар «Болашақ энергиясы уақыт капсуласына» 8–10 қыркүйек арасында салынатын болады. Жеңген шығармалардың мазмұнына қатысты мәліметтер және/немесе суреттер «Шелл» тобының әлеуметтік медиа арналары және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын болады.

- 12** «Шелл» компаниясының Байқауға қатысты немесе оған байланысты барлық мәселелері бойынша шешімдері ақырғы, қорытынды және орындауға міндетті болып табылады. «Шелл» Байқау мәселелері бойынша кез келген тұлғаға себептерді түсіндіруге немесе хат алмасуға құқылы емес.
- 13** «Шелл» өз шешімі мен таңдауы бойынша кез келген уақытта осы шарттар мен ережелерді алдын ала ескертусіз белгілеуге және/немесе өзгертуге немесе толықтыруға, соның ішінде, бірақ шектелмей Байқауды, қатысу құқығының шарттары мен критерийлерін, Жеңімпаздар мен Жұлделерді таңдауды, шараның мерзімін жоюға, бұзуға, уақытша тоқтатуға құқылы және барлық Рұқсат етілген қатысушылар осы өзгерістерді орындауға міндетті.
- 14** «Шелл» Жұлделердің сапасына немесе мақсатқа жарамдылығына және/немесе Байқау және/немесе Жұлдені пайдалану нәтижесінде немесе оған байланысты жарақат, залал немесе нұқсанға, соның ішінде, бірақ шектелмей кез келген тараптың, соның ішінде үшінші тараптардың шартты орындаудан, бұзудан, немқұрайлылықтан немесе басқа себеппен тікелей немесе жанама түрде, кенеттен, бір нәрсенің салдарынан, үлгі ретінде, жаза ретінде, белгілі бір залалдан Жұлделерге қанағаттануына, табысты, пайданы немесе ерікті жоғалтуына жауапты болмайды. Күмән тудырмас үшін «Шелл» компаниясының осы Байқауды жоюы, бұзуы немесе уақытша тоқтатуы кез келген тарапқа осы жою, бұзу немесе уақытша тоқтатуының тікелей немесе жанама салдарынан болған кез келген және барлық бастан кешкен залалдары немесе нұқсандарына қатысты «Шелл» компаниясына шағымдануға және өтемақы талап етуге құқық бермейді.
- 15** Байқауға қатыса отырып, Рұқсат етілген қатысушылар (соның ішінде Жеңімпаздар) өздерінің жеке деректерін, оның ішінде әлеуметтік желідегі атауларын (Instagram немесе Twitter), толық аты-жөндерін, ұялы телефон нөмірлерін, электрондық мекенжайларын, пошта мекенжайларын, суреттерін, дауыстарын және/немесе осыған ұқсас басқа да материалдарды «Шелл» тобына және/немесе «Шелл» компаниясы ұйымдастыруға, Жеңімпаздармен байланысуға, осы Байқауды басқаруға және жүргізуге, соның ішінде, бірақ шектелмей Жеңімпаздармен Байқауға қатысты жүлделерді ұйымдастыру үшін байланысуға, заңмен тыйым салынған жағдайды қоспағанда, редакциялау, жарнама беру, ілгерілету, маркетинг және/немесе басқа да ақысыз және/немесе өтемақысыз мақсаттарға жалдаған компанияларға жинауға, өңдеуге, қолдануға, жариялауға және сақтауға рұқсат береді деп саналады.

- 16 Осы шарттар мен ережелер және Байқауға қатысты кез келген жарнама беру, ілгерілету, жариялау және басқа материалдар арасында қарама-қайшылық туындаған жағдайда, осы шарттар мен ережелер басымдыққа ие болады.
- 17 Осы шарттар мен ережелерде анық көрсетілмесе, осы шарттар және ережелермен басқарылатын кез келген келісімнің тарабы болып табылмайтын кез келген тұлға, осындай келісімнің шарттарын орындауды талап етуге құқылы емес.